



Автор: Абдирзакова Сара Абдирахимовна

Пән: География

Сынып: 7-сынып

Бөлім: Физикалық география/Литосфера

Тақырып: Литосфераның құрылысы мен заттық құрамы

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	7.3.1.1 -литосфераның құрылысы мен заттық құрамын анықтайды
Сабақтың мақсаты:	литосфераның құрылысы мен заттық құрамын ұғыну
Тілдік мақсаттар:	жер қабықтары, литосфера ядро мантия
Күтілетін нәтиже:	оқушылар литосфераның құрылысы мен заттық құрамын анықтай алады
Бағалау критерийлері:	Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.
Құндылықтарды дарыту:	экологиялық тәрбие
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Ғаламторды бейнежазба көрсету
Пәнаралық байланыс:	Музыка, қазақ тілі, тарих
Бастапқы білім:	Географиялық деректерді ұйымдастыру

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	Психологиялық ахуал қалыптастыру: «Көрші» Мақсаты: әрбір қатысушының сол топтың бір мүшесі екендігін сезінуі, бір-біріне жылылық сыйлау. Нұсқаулық: Көршіңді оң жақтан құшақта, Көршіңді сол жақтан құшақта. Оң жақтағы көршіңе бір жымып, Сол жақтағы көршіңе бір жымып, Бүгінгі тренинг барысы, Біз үлкен отбасы.	
Сабақтың ортасы	Топтарға тапсырма: (Мәтін бөліктерін тарату) Оқулықтағы тапсырмаларды топтарға бөлу Литосфераның ішкі құрылысы мен заттық құрамы - YouTube https://www.youtube.com/watch?v=9zEpxzHEpe0 • Литосфера [1] — жер қабығы (грек. lithos- тас, sphaira — шар) — жердің сыртқы қатты қабаты жоғарғы гидросфера және атмосферамен шектеседі. Жер қабығының жоғарғы бөлімі — шөгінді қабық; ол шөгінді тау жыныстарынан тұрады, кейде бұған эффузивтер жамылғысын да енгізеді. Жалпыға арналған тапсырма: Оқушылар жаңа білімге сай оқулықты қолдана отырып өз түсінгендерін постерге түсіреді.	
Сабақтың соңы	Синтез 1. Жердің географиялық қабығы дегеніміз не? 2. Күн жүйесінің қандай ғаламшарында географиялық қабық түзілген? 3. Айналасын су қоршап жатқан ірі құрлықты, одан кішігірім құрлықты не деп атаймыз? 4. Жердің ішкі құрылымында қандай қабықтар бар? 5. Литосфера деген не, ол қандай қабаттардан тұрады? 6. Жер қыртысының қай бөлігінде оның қалыңдығы жоғары? 7. Мантия Жердің қайсы қабығын қоршап жатыр? «Алтын балыққа арналған аквариум» әдісі Оқушыларға жасырын суреттер таратылады, кімге балық түссе, сол алтын балық болады, оқушы алтын балықтың маскасын киіп, ортаға шығады. Басқа оқушылар оған сұрақтар қояды. Егер жауап бере алмаса топ мүшелері көмектесуіне болады	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Рефлексия	Сабақ / оқу мақсаттары шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма? Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?	